

ФТАР 16.01.11

Ғылыми мақала

С.Б. Коянбекова¹, Б.С. Жонкешов²¹Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан²Қазақ Ұлттық аргарлық университеті, Алматы қ., Қазақстан(E-mail: ¹sarakoyanbekova@gmail.com, ²zhon_bs79@mail.ru)**Синергетика: түркі тілдеріндегі салыстырмалы лингвистиканың консолидациялану парадигмалары**

Аңдатпа. Мақала түркі тілдеріндегі салыстырмалы лингвистиканың консолидациялану парадигмаларын синергетикалық тұрғыдан зерттеуге арналған. Зерттеудің негізгі мақсатында түркі тілдерінің дыбыстық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық ерекшеліктерін бірізді парадигмада негіздеу қарастырылған. Дереккөздерді интеграциялау тәсілдері айқындалып, консолидацияланған парадигмалардың әдіснамасы ұсынылған. Тілдік деректердің синхрондық және диахрондық өлшемдері бірізді концептуалдық платформаға тоғыстырылды. Тарихи лингвистика, типология дәстүрлі әдістері тәсілдермен біріктіріліп, тілдік дереккөздермен үйлестірілді. Өзектілігінде тәжірибеде қолданыла алатын консолидациялық парадигмалар ұсынылды.

Түйін сөздер: салыстырмалы лингвистика, түркология, консолидациялау парадигмалары, тілдік деректер, тарихи-типологиялық әдістер, корпус лингвистикасы, тілдік өзгерістер, синергетика

DOI: <https://doi.org/10.71078/bzjqm78>

Түсті: 11.10.2025; Мақұлданды: 22.12.2025; Онлайн қолжетімді: 25.12.2025.

Кіріспе

Ежелгі жазбаша түркі тілі – ескі түркі тілі Орхон-Енисей жазбаларында сақталған. Жазба нұсқалары 8-ғасырдың ортасынан бастап пайда болғаны туралы түсінік қалыптасқан. Яғни Орхон жазбалары мен Енисей жазбалары түркі тілдерінің алғаш жазылған көрінісі болып табылады. Орхон өзені аңғарындағы жазбалар Моңғолияда, Енисей аймағында да Ескі Түркі тілінде жасалған жазбалар пайда болған. Тілдік сипаттамаларына келсек, агглютинациялық, синтетикалық тіл. Әуезді үйлесімдікте тұтас сөзге жалғаулардың қосылуы айқын көрінеді. Лексикасында қолжазбалы тарихи атаулар, мемлекеттік ұғымдар мен мәдени-тұрмыстық терминдер кездеседі. Маңыздылығына тоқталсақ, ескі түркі тілі – қазіргі түркі тілдерінің арғы атасы болып саналады. Одан кейінгі кезеңдерде Орта Түркі тілдері мен қазіргі түркі тілдерінің түрлі тармақтары пайда болғаны мәлім (Томанов, 2010: 39). Алайда тілдік қайта құру арқылы пайда болған түркі тілі отбасының жалпы ата-баба тілі де бар екенін ескерген жөн. Тілдік ерекшеліктерді көрсету мақсатында нақты Орхон үзіндісінен алынған мәтінді емес, иллюстратив түрде берілген екі сөйлемді талдасақ: көне түркі тілінде *Bilge kagan ordu toplur*. Бұл сөйлемде: *vilge* - ақылды, *kagan* - хан/бек, *ordu* - әскер, *toplur* - *toplar* - іс-әрекет деген мағына береді. Сөздер, жалғаулар жалғану арқылы мағынаны кеңейтеді. Жаңа түркі тіліндегі нұсқасына келсек, «*Bilge Kağan ordusunu toplar*» мұнда ордаға тән мәселе: қазақшадағы “ордусынын” түріндегі тікелей аударма емес, түрік тілінде *-unu* / *-ünü* сияқты *accusative* жалғауы

арқылы объектіні белгілеу және *-lar* көпше жалғаудан соң іс-әрекет көрсетіледі. Орхон жазбаларында лексика көбіне көне тұрмыс-тіршілік, әскери-келісімдік ұғымдар, билік иелері туралы жүйе құра жалғасқан сөздермен беріледі. Қазіргі түркі тілдерінде лексика айтарлықтай кеңейді, мәселен, заманауи технологиялар, халықаралық байланыстар, діни және мәдени әсерлер сияқты факторлар арқылы жаңа сөздер пайда болғанын байқатады.

Жалпы түркі тілдерінің тарихын екі бағытта қарастыруға болады. Ескі түркі жазуы көне түркі тіліндегі жазба мұраларды зерттеу арқылы пайда болған ежелгі кезеңдер және осы тілдер арасын салыстыра отырып, генезисін қалпына қоюға ұмтылған салыстырмалы-тарихи тіл білімі кезеңдері. Сондықтан негізгі кезеңдерді төмендегідей жүйелеуге болады:

- Ежелгі жазба дәуіріндегі б.з. 8 - б.з. 9 ғ. Орхон-Енисей жазбалары қазіргі түркі әулетінің анти қалпын және лексикасын, фонетикасын, агглютинациялық құрылымды алғаш жүйелі түрде көрсетеді. Бұл жазбалар тілдің дыбыс жүйесі, сөзжасам және синтаксис туралы ерте деректерді беріп, кейінгілері үшін салыстырмалы зерттеудің негізі болды.

Құндылығына келсек, түркі тілдерінің тарихи тамырларын дәлелдеуге және дәуірлік өзгерістерді қалпына келтіруге арналған алғашқы нақты материалдардың көзі екенін көрсетеді.

- Ортағасырлық дәуір және діни-құжаттық материалдарда ортағасырларда түркі тілдері жазылған түрлі діни, ғылымдық, әдеби шығармалар, қағанаттық шежірелер, т.б. болды. Бұл материалдар бірқатар диалектілерді, ауызша дәстүрлі нұсқаларды сақтап қалуға септігін тигізеді.

- XX ғасырдағы түркологияда жүйелі зерттеу және академиялық мектептердің қалыптасуы орын алды. Түркология кең ауқымды жүйе ретінде әр тілдік салаға бағытталды, атап айтқанда, фонетика, морфология, синтаксис, лексикология және тарихи-генетикалық зерттеулер.

Құрылымдық тіл білімі, лингвистикалық аймақтану және компиляциялық, яғни статикалық дерекқорлар түркі тілдерінің салыстырмалы талдауын күшейтті. Әсіресе Кеңес дәуірі және кейінгі кезеңде Ресей, Украина, Түркия және басқа елдердегі орталықтардың түркологиялық зерттеулері біртұтас бағытқа айналғаны зерттеу жұмыстарында дәйектелген. Жалпы түркология, әрбір ішкі тармақ қыпшақ, оғыз, карлук, қырғыз-қазақ т.б. тілдік топтар бойынша терең зерттеулер жүргізіліп, жан-жақты талданды. Демек, түркі тілдерінің зерттелуі ежелгі Орхон-Енисей жазбаларынан басталып, ортағасырлық дереккөздермен толықты, кейіннен XVIII-XIX ғасырларда Еуропалық тіл біліміне еніп, салыстырмалы-тарихи тіл білімі өзінің әдіс-тәсілдерін қалыптастырғанын байқатады. Ал заманауи кезеңде XX ғасыр түркологиясы жүйелі ғылымға айналып, қазіргі кезеңде жалпы тұжырымдамасы цифрлық әдістер көмегімен зерттелуде. Цифрландыру технологиясында түркі тілдерін зерттеудің салыстырмалы-тарихи аспектілеріне синергетикалық көзқарас енгізілсе, тілдердің тарихи-генетикалық байланыстары ғана емес, социолингвистикалық, психолингвистикалық, лингвомәдени, сандық корпус тіл білімі және этнолингвистикалық факторлар да бірлесіп қарастырылады. Бұл ықпал түркі тілдерінің салыстырмалы лингвистиканы пәнаралық деңгейде консолидациялап, тілдік құбылыстардың көпқырлы құрылымын ашуға мүмкіндік береді. Нақты зерттеу бағыттары көбейіп, тілдің эмоциясы /эмотивтер, тарихи-грамматикалық жүйелер, жазба тілдерінің салыстырмалы анализі сияқты тақырыптар пәнаралық тәсілмен қарастырылатыны орын алуда. Себебі, тілдің мәдениетаралық қасиеті көптеген пәндердің интеграциялануындағы консолидациясына негізделеді. Тіл сан алуан қырымен танылып, адаммен тығыз қарым-қатынастағы көрінісі тереңнен зерделенуде. Осы тұрғыдан алғанда, негізгі бағыттарын пәнаралық консолидациялауда

төмендегідей жіктеуге болады:

- Тарихи-салыстырмалы лингвистика және тарихы мен жазба ескерткіштерде түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы, тарихи дамудың ішкі тетіктерін тілдер арасындағы ұқсастықтармен және айырмашылықтармен түсіндіруге бағытталған. Бұл сала тарихи-нысандарды салыстыруға, дыбыс өзгеруі, грамматикалық жүйелердің даму заңдылықтарын зерттеуге басымдық береді.

- Салыстырмалы лингвистика және лингвомәдениет/этнолингвистикалық тілдік эмотивтер, мәдени-контекстік факторлар, тілдік жүйелердің әлеуметтік көрінісі сияқты мәселелер пәнаралық зерттеулерге жиі тартылып отыр. Түркі тілдеріндегі эмоциялар мен тілдік көріністерге семантикалық талдау да осыған кіреді. Тіл және эмоцияның өзара кіріктірілуінде түркі тілдеріндегі сезім-күй толғаныстарын білдіретін эмотивтерге семантикалық талдауға бағытталады.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Нақты тілдік эмоциялар, әлеуметтік контекст пен мәдениет арасындағы өзара ықпалдарды зерттеу үшін психоллингвистикалық және лингвомәдени әдістердің консолидациялануын танытады.

- Синергетикалық зерттеудегі сабақтастық құқықтық, әлеуметтік және мәдени факторларды ескере отырып, түркі тілдерінің синергетикалық тұрғыдан зерттелу жобалары қарастырылған. Мысалы, жоғалып бара жатқан түркі тілдерін синергетикалық тұрғыдан зерттеу нақты айтқанда, Моңғолиядағы хотон этноотын, қазақша жазылған талқылау / мұрағаттық ресурсында кездеседі.

- Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикалық пәнаралық көзқарас мәселесінде грамматикалық жүйелерді салыстыру арқылы тілдік құрылымдардың бір-бірімен қалай да байланыстарын ашу синтаксис, морфология, дыбыстық үйлесімділік сияқты мәселелер пәнаралық талдауға түседі.

- Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасында түркі тілдерін салыстырмалы зерттеу әдістерінің көпқырлылығы салыстырмалы-тарихи әдістермен қатар, лексикографиялық жұмыс, корпус-тіл білімі, этнолингвистикалық деректермен бірге тілдердің қазіргі және тарихи көріністері түсіндіріледі.

Нәтижелер мен талқылаулар

Жаһандық қоғамда түркі тілдері Евразияның кең кеңістігінде тарихи, әлеуметтік және тілдік байланыстар арқылы өзара тығыз байланысып келе жатқан бір жүйе болып табылатынына көзжеткіздік. Бұл жүйені зерттеудің ерекше тәсілі ретінде “синергетикалық интеграция” концепциясы қолдану орынды деп ойлаймыз. Мұндағы түрлі тілдік факторлар, диалектілік айырмашылықтар, саяси факторлар және технологиялық әдістер бір-бірімен өзара әрекеттесіп, жалпы жүйенің жаңара түсетін динамикалық құрылымын көрсетеді. Бұл мақалада синергетикалық интеграция аясында түркі тілдерінің зерттелу мүмкіндіктерін жүйелі қарастырамыз. Яғни «синергетикалық интеграция дегеніміз – түрлі түйіндер мен салалар арасындағы өзара әрекеттен туатын нәтижелі жүйені құруға бағытталған зерттеу тәсілі» (Түймебаев, 2017: 65). Түркі тілдерінің контекстінде бұл тілдік құрылымдар, лексика, фонетика, морфология және синтаксис сияқты компоненттердің бір-бірімен өзара әсерлесу жолдарын кешенді түрде талдауды білдіреді. Оның мақсатына келсек, түркі тілдерінің ортақ белгілері мен аймақтық айырмашылықтарын бір жүйелі контексте түсінуімен қарастырылады. Тілдік байланыстардың, кіріктірілулерін және тілдік өзара алмасудың ұзақ мерзімдік ықпалын айқындаумен ерекшеленеді. Мысалы, қысқа, қарапайым сөйлем құрылымында «*Мен сені көрдім – Mən səni gördüm*» сияқты көрініс алады. Ежелгі лексикаға тән сөздер қазіргі әзірбайжан тілінде де сақталған, сондай-ақ арабша, парсыша элементтермен байыған лексикалар мәселен, *сәлем - salam*,

kiman - kitab, базар – bazar. Ең кең таралған сән-саламаттық амандасу формасы *сәлем* сөзі әлі күнге дейін қолданылады. «*Bi nə qəddərdir? - Бұл қанша тұрады?*» сауда-саттықта бағаны сұрау үшін қолданылатын негізгі сұрау формасы. Оғыз тілінен қазіргі Әзірбайжан тіліне қалған формалардың бірі «*Bi bazarda çox var idi. - Бұл базарда көп нәрсе болды/бар*» *edi*. Базардағы тауарлар туралы айтуға арналған қарапайым сөйлем. *Bazar* сөзі базар сауда орталығы ұғымын білдіреді және Ұлы Жібек жолы дәуірінде кең тараған лексикаға жатады. «*Mən səninlə razıyam - Мен сенімен келісемін*» Тілдік синергетика ретінде оғыз-түрік дәстүріндегі формалар қазіргі Әзірбайжан тілінде де сақталған. «*Çay çox dadlıdır. - Шай өте дәмді*» дастандық/сауда контекстінде жиі кездесетін зат – шайдың дәмі туралы айту. *çay* сөзі Қытайша «茶» (*chai*) жолынан таралып, парсыша/әзірбайжанша арқылы кеңінен енген лексика. Өртүрлі тілдік дерек көздерін мәселен, корпустық деректер, тарихи жазбалар, диалектілік материалдарды біріктіріп, көпәспектiлi талдау жүргізуге негізделеді. Бұл болашақтағы тілдік ресурстарды сақтап қалу, цифрлық гуманитарлық тәсілдерді дамыту және көп тілдік өңдеудің тиімділігін арттырумен тығыз байланысты.

Лингвотеориялық мәселенің зерттеу бағыттарында жергілікті лингвистика және жалпы тіл білімі түркі тілдерінің аймақтық көріністерін тек жеке тіл ретінде емес, көршілес тілдермен сабақтасатын лексикалық формалармен бірге зерттеумен сипатталады. Бұл тәсіл синергетикалық интеграцияның маңызды элементі саналады. Мысалы, өзбек, ұйғыр, қырғыз, татар, түркмен тіліндегі мысалдарды талдасақ: *non – nan, нан, choy – чой, шай, kitob – китоб- kiman, dastan – дастан, bozor – бозор – базар, shahar – шаҳар –шаһар, maktab – мактаб – mektep- мектеп, дәріс/дарс, керуен/ карван* татарша, қырғызша *карван* деп аталады. Қысқаша талданған тілдік ұқсастықтарды қарастырсақ, өзбек, ұйғыр, қырғыз тілдерінде жиі қолданылатын ұқсас сөздер арқылы таралған ортақ тамырда байқаймыз. Бұдан бір-бірімен жақын аударылған сөздер көптеп кездесетіні көрінеді. Олар көбіне сауда-саттық, күнделікті өмір, оқу-тәрбие сияқты салаларда тараған.

Түркі тілдерінің типологиялық бір-бірімен өзара үйлесуінде агглютинативті морфология, ұғымдық жалғау жүйесі, дыбыстық үйлесімдік сияқты ортақ сипаттамалар мен аймақтық модификациялармен ұштасады.

Қосымша әдістерде тарихи-салыстырмалы лингвистика, тілдік байланыс лексикондық өзара алмасуларды көрсетеді. Құрама әдістерде антропология, этнолингвистика, мәдениетаралық коммуникация, ақпараттық технологиялар арқылы тілдік деректерді интеграциялауға бейімделеді. Құрал-жабдықтар мен аналитика мәселелерінде параллель корпустар, аймақтық тілдік карталар, дыбыстық гармонияның айқын белгілерін модельдеу, деректерді графикалық түрде көрсетумен шектеседі.

Зерттеу объектілері мен дереккөздерін жіктесек: оғыз тілдері: түрік, әзірбайжан, қазақ, қырғыз, өзбек, түркмен, т.б. Шығыс түркі тілі: қазақ тілінің түрлі диалектілері, өзге де оңтүстік шығыс бағыттағы тілдер. Сібір және Қырғыз тауларындағы түркілік тілдер Хакастар, Тұмсық тілдері, Якут т.б. Қарым-қатынаста болған лексика мен конфигурациялар көршілес тілдермен мұңголоидтық, иран тілдері, славяндық тілдер өзара әсерлерден тұрады. Олардың дереккөз түрлерін талдасақ, корпустық лингвистика деректері яғни ұлттық корпус жобалары, ғаламтор-мәтіндер, іс жүзінде кең таралған жазбалар тарихи жазба құжаттары мен жобалар, ескі тілдік материалдар, аудармалар, діни және әкімдік мәтіндерден тұрады. Олардың диалектілік қорлары регионалдық диалектілер, аймақтық сөйлесім ерекшеліктеріне негізделген. Моделдік және гуманитарлық платформаларда ашық дерекқорлар, параллель тілдік жинақтар, аударма көріністері қамтылады.

Тәжірибелік бағыттар мен әдістемелік парадигмаларда диалектілік және аймақтық синергияны талдау қажет. Өртүрлі түркі тілдерінің диалектілерінде ортақ белгілер мен аймақтық нұсқаларды салыстыру керек. Дыбыстық үйлесімнің формалары алдыңғы және соңғы гармониясының әр тілдегі көрінісін бақылаумен сипатталады.

Морфологиялық жүйелердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерінде жалғаулардың синонимдік-агглютинациялық көріністеріне бағытталады. Өзара байланыстық талдауда функционалдық конвергенциялар мен транслитерацияларда сөздік бірліктердің құндылықтарының өзгеріске түсуін байқатады. Сөзжасамның, фразеологиялық бірліктердің, синтаксистік құрылымдарының байланыс тиімділіктерін талдайды. Типологиялық және аймақтық синергияны интеграциялауда түркі тілдерінің жалпы сипаттамалары мен аймақтық парадигмаларын бір жүйеде салыстыруды көздейді. Мысалы, лингвистикалық ықпалдасу фонетикада қазақша *жол* – түрікше *yol*, қазақша *күн* – түрікше *gün*, қазақша *көл* – түрікше *göl* болады. Лексикада қазақша *кітап* – түрікше *kitap*, қазақша *дүние* – түрікше *dünya*, қазақша *дос* – түрікше *dost* болады. Грамматикада екеуінде де жалғаулар арқылы сөз түрленеді. Септік жүйесі ұқсас, бірақ түрік тілінде кейбір септіктер қысқарған. Етістік шақтары, райлары ұқсас. Әлеуметтік-мәдени консолидациялану білімде Қазақстан мен Түркия қарым-қатынастары жаһандық сұраныстарға сай кеңінен дамытылып жатыр. Түрік пен қазақ тілдері арасында көптеген ортақ сөздер бар, ал айырмашылықтар болғанымен, күнделікті қарым-қатынаста бір-бірін түсіну жеңіл. Болашағы ортақ әліпби, ортақ медиа кеңістік, ғылым-білім интеграциясы қазақ пен түрік тілінің консолидациясын одан әрі күшейтеді.

Түркі тілдерінің синергетикалық интеграцияда зерттелуі олардың өзіне тән көпқырлы табиғатын аша түсуді талап етеді. Бұл тәсіл тілдік жүйелердің өзара әрекеттерін, тарихи сабақтастықты және қазіргі заманғы технологиялық мүмкіндіктерді біріктіре отырып, түркі тілдерінің кеңістігін біртұтас әрі динамикалық көріністе ұсына алады. Болашақ зерттеулерде диалектілердің флорасы мен фаунасын, пәнаралық байланыстық өзгерістердің бағытын және цифрлық гуманитарлық құралдардың рөлін бірқатар межеге қойып, тілдік ресурстарды жинау мен талдауды оңтайландыру маңызды болады. Осылайша синергетикалық интеграция түркі тілдерін тек бір тілдік топ ретінде емес, өзара байланысты үлкен тілдік желінің бөлігі ретінде көріп, ғылыми түсінігімізді әрі қарай кеңейте түседі.

Түркі тілдері туыстығын сақтап қалғанымен, олардың консолидациялық процесі бірқатар әлеуметтік-мәдени, саяси және технологиялық факторларға тәуелді екенін көрсетеді. Қазіргі кезеңде тілдік өзара синергетика, терминология, жазу жүйесі және білім беру салаларында бірлескен жұмыс қажет болып отырғандығын айқындайды. Сондықтан төменде осы бағыттағы негізгі мәселелерді жүйелеп, ұсынамыз.

Орфография және жазу жүйесінің консолидациясында латын және кирилл әріптері арасындағы өзгерістер себепті тілдік стандарттар мен транслитерация ережелерінің кейбір үйлесімсіздігін қамтамасыз етеді. Жаһандық өркениетте жазу жүйесін біріздендіру саясаттары кеңінен орын алуда. Нақты айтқанда: қаріп таңбалары, дыбыстарды бейнелеу қағидалары, диграфтар/морфемдік көрсеткіштер.

Синергетикалық бағытта әртүрлі тілдер арасында тілдік материалды біркелкі өңдеу үшін унификацияланған орфографиялық принциптер қажеттігін көрсетеді. Терминология және жалпы лексиканың консолидациялануында ғылым, техника, құқық, экономика сияқты салаларда бірізді терминологияны қалыптастыру қиындықтары жиі кездеседі. Бір тілге тән терминдер басқа тілдерге аударғанда мағынасыздыққа немесе ажыратуларға да алып келуі мүмкін.

Терминологиялық базалардың ашық әрі көптілдік болуын қамтамасыз ету маңызды болып табылады.

Тілдік саясат және білім беру үрдісінде мемлекеттік тілдің мәртебесі, көптілділік саясаттары, жоғары оқу орындарында оқу ортасының тілдік қамтуы шешуші фактор тілдік құқықтары, ана тілінде білім алуды қолдау мәселелеріне негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда оқулықтар мен білім беру бағдарламаларының синхрондалуы қажеттілігін анықтайды.

Диалектілер мен түсініктілік мәселесінде түркі тілдері ішінде диалектілік варианттардың болуы түсіністікті шектейді.

Тілдік реформаларға келсек, сөздік жаңалықтары және грамматикалық нормалар диалектілермен үйлесімі тұрғысынан инновациялық талқылауларды қажет етеді.

Ресурстар және технологияларда табиғи тілдерді өңдеу үшін көптілдік корпустар, аннотацияланған материалдардың жеткіліксіздігін байқатады.

Машиналық аудармада сөйлесу үшін мәтін/ мәтін үшін сөйлесу, грамматика тексеру құралдары сияқты технологиялардың кеңінен қолжетімді болуы қажеттігін дәйектейді. Дереккөздер негізінде тілдік технологияларды дамытуға ынталандырумен қатар, дерекқорлардың мазмұндық сапасын және әділдік тұрғысынан теңгерімділігін қамтамасыз ету керектігін көрсетеді.

Мәдени-тарихи факторларда, діни-мәдени ықпалдар нәтижесінде лексикалық алмасулар пайда болады; ұлттық біртұтастық пен тілдік саясат арасындағы тепе-теңдікті сақтауға негізделеді (Кононов, 1986: 65).

Түркі тілдерінің салыстырмалы лингвистиканы пәнаралық деңгейде консолидациялауына синергетика тәсілімен қарау тілдік құрылымдардың көпқырлы өзара байланысын көрсетеді. Мысалы, Лингвистикалық ұқсастықтарға келсек, тілдік топ қазақ тілі – қыпшақ тармағы, түрікмен тілі – оғыз тармағы, бірақ екеуі де түркі тілдеріне жатады. Фонетикада: қазақша *жол* – түрікменше *yol*; қазақша *күн* – түрікменше *gün*; қазақша *көл* – түрікменше *köl*; лексикада: қазақша *кіман* – түрікменше *kitap*; қазақша *жер* – түрікменше *yer*; қазақша *дос* – түрікменше *dost*. Грамматикалық ерекшеліктеріне тоқталсақ, екі тілде де септіктер, жалғаулар бар. Етістік шақтары, рай түрлері ұқсас. Жіктік жалғауларда айырмашылықтар бар, бірақ түбір бірдей. Осы тәсіл түркі тілдерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, тарихи-әлеуметтік контексттерді, тілдік деректердің көпқырлы талдауын біріктіріп, жаңа теориялық тұжырымдар мен әдістемелік құралдардың құрылуына септігін тигізеді.

Пәнаралық консолидацияның нәтижесінде тіл білімінің әртүрлі бағыттары типология, диалектология, тарихи салыстырмалы лингвистика, корпусикалық лингвистика, есептеу психоллингвистика, этнолингвистика және т.б. арасында ішкі байланыстар күшейеді, зерттеу деректерінің өзара қолданылуы және ашықтық артады.

Синергетика тұрғысынан тілдік жүйе ретінде түркі тілдері өздігінен дамитын, бірақ деңгейлер арасындағы өзара ілгерілемелі процесстерге ұшырайтын көпқырлы құрылым ретінде қарастырылады (Аианжолов, 2003: 89).

Салыстырмалы лингвистика пәнаралық контексте тілдік өзгерістердің жалпы заңдылықтарын іздеп, түркі тілдерінің тарихи-әлеуметтік өзара әсерлесуі мен жүйелілік заңдылықтарын бірлескен парадигмаға біріктіреді.

Нәтижесінде тілдік деректерді біріктіру, моделдеу және салыстырудың жаңа тәсілдері пайда болады, грамматикалық құрылымдардың өзара үйлесімі, дыбыс және морфологиялық үйлесімдер, лексика-семантикалық айналымдар, диалектілік вариациялар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар жүйелі түрде талданады. Консолидацияның негізгі бағыттары дерек пен әдіснаманы біріктіруде көпмодальді деректерді атап айтқанда, фонетика, фонология, морфология, синтаксис, семантика интеграциялық талдауға енгізуді міндеттейді. Көптілдік корпустар, тарихи тілдік материалдар мен этнологиялық деректер арасындағы үйлестіруде тілдер арасындағы ортақ тәртіптерді айқындалады. Нақты айтқанда ұяңдықтар, дауыс агглютинациялық жүйелер, сөзжасам заңдылықтары сияқты түркологияға тән ерекшеліктерді салыстырмалы тұрғыда жүйелеуге бейімделеді. Бұл жалпы тілдік өзгерістердің ұжымдық динамикасын сипаттайтын синергетикалық модельдер құруға негізделеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, түркі тілдеріндегі тілдік ұқсастықтар мен заңдылықтарда тілдік жүйелердің өзара үйлесімі арқылы түркі тілдерінің ортақ грамматикалық-дыбыстық базасы айқын көрінеді. Ммысалы, гармония, агглютинацияның жалпы принциптері, орфографиялық, мәтіндік деректерде кездесетін ортақ парадигмалар, сонымен бірге аймақтық вариациялар арқылы тілдік сәйкессіздіктер де айқындалады.

Жергілікті циклдарда тұтастық пен айырмашылықтар синергетикалық модельдермен сипатталғанда, тілдердің дамуының көпқабатты көрінісі пайда болады. «Ғылыми-инновациялық әлеуетте компьютерлік лингвистиканың үлесі артып, автоматтандырылған салыстырмалы талдау, когнитивті-психоллингвистикалық модельдер және тілдік саяси-әлеуметтік контексттердің зерттелуі күшейді (Қайдаров, 1988: 45). Осыларды талдау барысында тілдерді өзара түсіну және тілдік мұраларды сақтау салаларында практикалық нәтижелер беріледі.

Зерттеу құндылығын сараптасақ, түрлі бағыттардың ынтымақтасуы арқылы тарихи тілдік процестерге арналған біркелкі түсінік қалыптасады. Мысалы, деректердің қайталануы, валидизациясы және көпқырлы талдаулардың сенімділігін арттырады. Қолданбалық нәтижелерде тіл үйрену, мақала, журналистика және білім беру салаларында көптілділікке қатысты әдістер кешенді талданады. Тілдік саясат пен тілдерді қорғау бағдарламалары үшін әдістемелік негіздер, ресурстар стандартталып, сандық гуманитарлық ашық дерекқорлар, тілдік технологиялар және көркем-мәдени мұраны цифрлық тұрғыда сақтап, тарату мүмкіндіктері кеңінен қолданылады.

Болашақ бағыттарын интеграциялық консолидациялауда тілдік жүйелердің синергетикалық моделдерін құруға бейімдеу жүзеге асырылады.

Түркі тілдерінің салыстырмалы лингвистиканы пәнаралық консолидациялау жолындағы синергетика тәсілі тілдік жүйелерді терең әрі жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда бірлікте қаралған деректер, әдістер мен теориялар түркі тілдерінің тарихи-мәдени дамуын, қазіргі тілдік жағдайын және болашақ тілдік технологияларды интегративті түрде зерттеуге жаңа мүмкіндіктер ашады. Осы консолидацияның нәтижесі нақты деректерді ашықтықпен бөлісу, әдістемелік стандарттарды енгізу және зерттеушілер арасында үйлесімділікті қамтамасыз ету арқылы жүзеге асады. Ең маңыздысы, бұл тәсіл тілдік мұраның сақталуы мен жаңа білімнің пайда болуына бағытталған инновациялық технологияның кеңінен қолданылуын міндеттейді.

Қаржыландыру туралы ақпарат.

Ұсынылып отырған зерттеу мақаласы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті ИРН АР 23489363 «Цифрлық технология: қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын пәнаралық консолидациялау және интеграциялық оқытуды синергетикалық модельдеудің web-платформасы» атты тақырыптың негізінде орындалып отыр.

Әдебиеттер тізімі

- Аманжолов, А.С. (2003). *История и теория древнетюрского письма*. Алматы. Мектеп.
- Кононов, А.Н. (1986). *Грамматика языка тюркских рунических памятников IX века*. Ленинград. Наука.
- Қайдаров, Ә. (1988). Түркология. *Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия* (3-том, 524–525 б.). Алматы.
- Томанов, М. (1992). *Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы*. Алматы.
- Түймебаев, Ж., Сағидолла, Г., & Ескеева, М. (2017). *Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы* (Фонетика. Морфология). Алматы. Қазығұрт.

References

- Amanzholov, A.S. (2003). *History and theory of ancient Turkic writing*. Almaty. Mektep.
- Kononov, A.N. (1986). *Grammar of the language of Turkic runic monuments of the 9th century*. Leningrad. Nauka.
- Qaidarov, A. (1988). Turkology. In *Brief Encyclopedia of the Kazakh SSR* (Vol. 3, pp. 524–525). Almaty.
- Tomanov, M. (1992). *Comparative grammar of Turkic languages*. Almaty.
- Tuymebaev, Zh., Sagidolla, G., & Eskeeva, M. (2017). *Comparative-historical grammar of Turkic languages (Phonetics. Morphology)*. Almaty. Qazyghurt.

S.B. Koyanbekova¹, B.S. Zhonkeshev²

¹*Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan*

²*Kazakh National Agrarian University, Almaty, Kazakhstan*

(E-mail: ¹sarakoyanbekova@gmail.com, ²zhon_bs79@mail.ru)

Synergetics: Paradigms of Consolidation in Comparative Linguistics of Turkic Languages

Abstract. This article is devoted to the synergistic study of consolidation paradigms in the comparative linguistics of Turkic languages. The main goal of the study is to ground the phonetic, morphological, syntactic, and lexical features of Turkic languages in a single, unified paradigm. Methods for integrating data sources are identified, and a methodology for consolidated paradigms is proposed. The synchronic and diachronic aspects of linguistic data are brought together within a single conceptual platform. Historical linguistics and traditional typological methods are integrated with approaches and aligned with linguistic data sources. In terms of relevance, consolidation paradigms that can be applied in practice are proposed.

Keywords: comparative linguistics, Turkology, consolidation paradigms, linguistic data, historical-typological methods, corpus linguistics, language change, synergy.

С.Б. Коянбекова¹, Б.С. Жонкешов²

¹*Алматынський технологічний університет, Алматы, Казахстан*

²*Қазақський національний аграрний університет, Алматы, Казахстан*

(E-mail: ¹sarakoyanbekova@gmail.com, ²zhon_bs79@mail.ru)

Синергетика: парадигмы консолидации сравнительной лингвистики тюркских языков

Аннотация. Статья посвящена синергетическому исследованию консолидации в сравнительной лингвистике тюркских языков. В основной цели исследования рассматривается обоснование единой последовательной парадигмы фонетических, морфологических, синтаксических и лексических особенностей тюркских языков. Определены подходы к интеграции источников данных, предложена методология консолидационных парадигм. Синхронные и диахронные аспекты языковых данных сведены к единой концептуальной платформе. Историческая лингвистика и традиционные методы типологии объединены с подходами и согласованы с языковыми источниками. В своей актуальности предложены парадигмы консолидации, пригодные для практического применения.

Ключевые слова: сравнительная лингвистика, тюркология, парадигмы консолидации, языковые данные, историко-типологические методы, корпусная лингвистика, языковые изменения, синергетика.

Авторлар туралы мәлімет:

Коянбекова Сара Бариевна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

Жонкешов Бауыржан Сейсенбекұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Жалпы білім беру пәндері кафедрасының меңгерушісі, Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

Information about authors:

Koyanbekova Sara Barievna – Doctor of Philology, Professor, Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan.

Zhonkeshev Bauyrzhan Seisenbekuly – Candidate of Philological Sciences, Head of the Department of General Education Disciplines, Kazakh National Agrarian University, Almaty, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Коянбекова Сара Бариевна – доктор филологических наук, профессор Алматинского технологического университета, Алматы, Казахстан.

Жонкешов Бауыржан Сейсенбекулы – кандидат филологических наук, заведующий кафедрой общеобразовательных дисциплин Казахского национального аграрного университета, Алматы, Казахстан.



Бұл жұмыс Creative Commons Attribution-Коммерциялық Емес 4.0 Халықаралық лицензиясы бойынша лицензияланған.
This work is licensed under Creative Commons Attribution-Noncommercial 4.0 International License